

"Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 наурызда № 13441 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 болып тіркелген, «Заң газетаның» 2009 жылғы 10 ақпандағы № 20 (1617) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:
«Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:
«1. Қоса беріліп отырған Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:
«1. Осы Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 41) тармағына сәйкес әзірленді және шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу тәртібін айқындайды.» ;

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:
«2. Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу тәртібі» ;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді :

«4. Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберуді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім

беру саласындағы уәкілетті орган және білім беру ұйымдары:»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Үміткерлерді іріктеудің негізгі өлшемдері:

1) шет тілін білу деңгейі;

2) білім туралы құжаттың орташа балы;

3) білім алушылардың академиялық кезеңнің қорытындысы бойынша ағымдағы
ү л г е р і м і ;

4) академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға үміткерлер үшін өз жоғары оқу
орнында бір академиялық кезеңді аяқтау.»;

мынадай мазмұндағы 9-1 және 9-2-тармақтармен толықтырылсын:

«9-1. Академиялық оралымдылық шеңберінде білім алушыларды қаржыландыру:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде білім алушылар үшін
р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т қ а р а ж а т ы ;

2) жоғары оқу орындары ақылы қызметтер көрсетуден алатын кірістері;

3) жұмыс берушілер, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестер,
халықаралық және отандық қорлар гранттары және стипендиялар;

4) білім алушылардың жеке қаражаттары есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

9-2. Академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға бюджет қаражатын бөлу
кезінде жоғары оқу орындарын конкурстық негізде іріктеудің негізгі өлшемдері:

1) шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен келісімдердің және шарттардың
б о л у ы ;

2) жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингке қатысуы;

3) аккредиттелген білім беру бағдарламаларының болуы;

4) бітірушілердің жұмысқа орналасуы 70% кем емес.».

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, халықаралық ынтымақтастық
департаменті (С.М. Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа
басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға,
сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық
бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми
интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушы
Т. Балықбаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі
Е. Ыдырысов

9 ақпан 2016 жылы

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Б. Сұлтанов

29 қаңтар 2016 жылы